

«Олжабай батыр ауылының орта білім беретін мектебі»

2023-2024 оқу жылы

**Жаратылыстану математикалық әдістемелік бірлестігінің
жылдық талдау**

Жаратылыстану - математикалық пән мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі өз жұмысын ҚР БжФМ 2007 жылғы «29» қарашадағы №583 бүйрығымен бекітілген «Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру» Ережесіне сай жүргізеді.

Жаратылыстану - математикалық әдістемелік бірлестігінің тақырыбы: «Бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру жұмысының озық әдіс – тәсілдерін тиімді пайдалану арқылы білім сапасын арттыру».

ӘБ жұмысының мақсаты: Бәсекеге қабілетті тұлғаны оқытудағы мұғалімдердің құзырлықтары мен кәсіптік шеберліктерін жетілдіру бағытында жұмыстар ұйымдастыру.

Әр мұғалімнің мектеп пен әдістемелік бірлестік тақырыбына сәйкес өз білімін жетілдіру тақырыптары бар.

Жаратылыстану математикалық әдістемелік бірлестігінің құрамына 13 мұғалім енеді. 2023 жылдың 1-ші қыркүйегінен бастап екі жас маман қосылды. Мұғалімдер сапасының құрамы талапқа сай. Маман емес мұғалімдер жоқ. Жоғары білімді – 12 мұғалім, орта білімді – 1 мұғалім.

Оның ішінде:

Педагог-сарапшы: 5 мұғалім

Педагог-модератор: 3 мұғалім

Педагог: 2 мұқалім

Санатсыз: 3 мұғалім

Биылғы оқу жылында аттестациядан 5 мұғалім педагог-сарапшы, 4 мұғалім педагог-модераторға тапсырады.

2015-2016 оқу жылындағы жаратылыстану - математикалық пән мұғалімдерінің сапалық құрамын төмендегі кестеден көруге болады:

№	Тегі, аты-жөні	Санаты	Аттестаттау	Курстан откен жыл
1	Акишев К.К.	Санатсыз	Пенсияға 2 жыл қалды.	2023 ж.
2	Аскар Е.	Педагог-модератор	2025 ж.	2022 ж.
3	Ажыхан Е.	Педагог-сарапшы	2023 ж	2021 ж.
4	Дүйсенбаева Л.	Педагог-сарапшы	2024 ж.	2020 ж. 2024 ж.
5	Кокумбаев. К.Е.	Педагог-сарапшы	Пенсияға 2 жыл қалды	2018 ж.
6	Хожабай Б.	Педагог-сарапшы	2023 ж.	2023 ж.
7	Сайлаухан Б	Педагог-сарапшы	2024 ж.	2023 ж.
8	Байгабыл Т.	Педагог-модератор	2023 ж.	2019 ж.
9	Естай А.	Санатсыз	2023 ж.	2023 ж.
10	Асылбек А.	Санатсыз	2024 ж.	2023 ж.
11	Қайыржан Ұ.С.	Педагог	2028 ж.	Жоқ
12	Бақыс А	Педагог	2028 ж.	Жоқ
13	Хабыл Нургуль	Санатсыз	2024 ж.	Жоқ
14	Алеши А	Педагог-модератор	2024 ж.	2022 ж.

Тамыз айының соңғы күндерінде жаратылыстану - математикалық пән мұғалімдері әдістемелік бірлестігінің бірінші отырысы өтті. Оттыста мұғалімдер нормативтік құжаттармен, соның ішінде мемлекеттік стандарт, әдістемелік нұсқау

хат және пән бойынша бағдарламалармен танысты. Әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспары талданып, бекітілді. Сонымен қатар, пән мұғалімдерінің күнтізбелік жоспарлары, оку жоспарының жылжымалы бөлігіндегі таңдау пәндерінің бағдарламалары қаралып, бекітуге жіберілді.

Пән мұғалімдеріне берілген элективті курстар мен үйірмелерінің күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары құрылып, бекітілді.

БЖБ мен ТЖБ жұмыстарын уақытылы алынып, жыл сонына дейін сақталатынын қадағалау, сондай-ақ күнделікті жұмыс дәптерлерінің тексеріліп тұруын қадағалау және алғашқы бақылау жұмыстарының кестесі құрылды.

Олжабай батыр ауылдың жалпы білім беретін орта мектебінде қыркүйек айында 3-6 сыныптарға арналғында мектеп ішілік «Алтын сақа» математикалық олимпиадасы өткізілді. Олимпиадаға 3-6 сынып оқушылары қатысып, жүлделі оқушылар мадақтама грамоталарымен марапатталды.

Қазан айының 2-13 аралығында Математика, химия, биология пәндер онқұндігі өткізілді. Он күндікке жауапты: Дүйсенбаева Л он күндіктің жоспары құрылып, мектептің жөндеу жұмыстарына байланысты онлайн, балабақша қабыргасында оффлайн түрде бекітілген іс-шаралар өткізілді. Он күндік ашылу кезеңімен басталып, жабылқ кезеңімен аяқталып, қортындыланып талдау есебі жасалды.

Қазан айында 5-6 сынып оқушылары пәндер бойынша республикалық жасөспірімдер олимпиадасының мектепшілік кезеңін тапсырып, жүлделі оқушылар марапатталып, аудандық кезеңге баратын оқушылар жолдама алды.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сайлаухан Батыржаның жетекшілігімен «Ұлттық мектеп лигасы» бағдарламасындағы 9-11 сынып оқушылары арасында ұлттық спорт түрі «Бес асықтан» аудандық командалық жарыста оқушыларымыз III орынды иеленді.

Қазан айының үшінші апталығында әдістемелік бірлестіктің екінші отырысы өткізілді. Тоқсанда болған олқылықтар талқыланып, жою жолдары қарастырылды. Білім сапасындағы және пәндерге байланысты олқылықтарды жою жоспарларын құрып, келесі тоқсан барысында олқылықтармен жұмыс жасау ескертілді.

I тоқсан бойынша бірлестік қорытындылау отырысы өткізілді. Отырыста I тоқсанда болған іс-шаралар талқыланып, баяндамалар оқылып, келесі тоқсанға тың жаңалықтармен оралу керектігі айтылды.

Екінші тоқсаның басталумен «физика, көркем еңбек, дене шынықтыру пәндерінің» он күндіктерінің басталуымен тұспа тұспа келді. Он күндік жетекшісі: Асылбек Айнұрдың жетекшілігімен «Оқушы шығармашылығын қалыптастыруға мұғалі шығармашылығының ықпалы» атты онқұндіктің жоспары құрылып, жоспарға сәйкесінше іс-шаралар ұйымдастырылып отырды.

Сонымен қатар қараша айында «Ауыл мектептерінің» республикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне химия, биология пәндерінен Сайлаухан Диас, Жәлел Азамат, Ермекбай Әсемгүл қатысты. Дәл осы қараша айында 7-8 сыныптар арасында «География» республикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне 7 сынып оқушысы Хожабай Нұрай қатысты.

Сонымен қатар қараша айында 7-8, 9-11 сыныптар арасында мектепшілік олимпиада өткізіліп, жүлдегенр оқушылар мадақтама грамотасымен марапатталды. I орын алған оқушылар аудандық олимпиадаға жолдама алды. Биология пәнінен 8 «Б» сынып оқушысы Даирова Алтын, 11 «А» сынып оқушысы Жантуар Мөлдір аудандық олимпиадаға жіберілді.

Желтоқсан айында «Жасөспірімдер» олимпиадасының аудандық кезеңіне 5 «А» сынып оқушысы математика пәнінен қатысып жүлделі II орынды иеленді. Осы

айда 9-11 сыптар арасында өткізілген олимпадаға 11 «А» сынып оқушысы Ж. Мәлдір қатысып қайтты.

Екінші тоқсанның БЖБ, ТЖБ бақылау жұмыстары жоспар бойынша өткізіліп, екінші тоқсанды ойдағыдай білім сапасымен аяқталып, ӘБ отырысы өткізіліп, келесі жарты жылдықтағы жоспарлармен таныстырылып, алдағы 3 тоқсандадағы іс-шараларға белсенділік танытып отырамыз деп бір ауыздан сөз берілді.

Қаңтар айында ӘБ мүшелері Ақыс Айбол мен Асылбек Айнұр қоныс аударуына байланысты және желтоқсан айында декреттік демалыста отырған Алеш Айгүл жұмысқа орналасуына байланысты ӘБ мүшесі 12 болып құралды.

Қаңтар айының 15-26 аралығында «География, информатика, музыка» пәндерінің онкүндігі өткізілді. Онкүндік жетексі Асқар Ергалидың басшылығымен онкүндік жоспар құрылып, жоспар бойынша іс-шаралар өткізіліп, онкүндіктің есебі ӘБ жетекшісінің басшысына тапсырылды.

26 қаңтарда «Сабакта оқушылардың өзіндік қабылдау, ойлау, зерттей білу дағдыларын қалыптастырудың сын тұрғысынан ойлауға баулу» тақырыбында мектепішілік семинар өтті. 8 «А» сыныбында химия пәнінен «Химиялық элементтердің табиғи ұластары және олардың қасиеттері» тақырыбында ашық сабак өтті. Мұғалімі; Дүйсенбаева Л.Б.

7 «А» сыныбында биология пәнінен «Жануарлардың қозғалыс мүшелері» таөзірібында ашық сабак өтті. Мұғалімі; Естай А.

География пәнінің мұғалімі Ажыхан есенжен «Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал» мақала жарааялад Алғыс хатпен марапатталды.

Ақпан айында 7-8 сыныптарға арналған «Жасөспірімдер» олимпиадасының аудандық кезеңіне 8 «Б» сынып оқушысы Д.Алтын қатысып қайтты.

3 тоқсанға арналған БЖБ, ТЖБ жоспарлары құрылып, жоспар бойынша бақылау жұмыстары жүргізіліп, 3 тоқсандық қорытынды ӘБ отырысы өткізіліп, 3 тоқсанды өткізілген іс-шаралар талқыланды. Алдағы «Зреде», «Ғылыми жоба» байқауларына тың дайындықтың боуы ескертілді, Және де мектепішілік «Зерде», «Ғылыми жоба» байқаулары ұйымдастырылып, Дүйсенбаева Лираның жетекшілігімен 5 «А» сынып оқушысы Алтынбекұлы Ербұлан жүлделі I орын иегері атанып, аудандық кезеңге жолдама алды.

Біржан сал Қожағұлұлының 190 жвлдығына, Балуан Шолақ Баймырзаұлының 160 жылдығына, Ақмола облысының құрылғанына 85 жыл толуына арналған "Ақмола жұлдыздары" атты аудандық және қалалық көркемөнерпаздар халық шығармашылығы байқауынада Хабыл Нұргулдің жетекшілігімен "Мұрагер" жас домбырашылар ансамблі 1 орын алды.

Ерейментау ауданы "Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі" КММ ұйымдастыруымен өткен "Келіні жақсы үйдің керегесі кең" келіндер сайысында Хабыл Нұргұл 2 орын иеленді.

4 тоқсанның басында яғни сәуір айында Аудандық «Зерде», «Ғылыми жоба» сайысында «Зерде» байқауына медицина, психология, экология бағыты бойынша Алтынбекұлы Ербұлан I жүлделі орынды ұңажығалап, облысқа жолдама алды.

«Педагогикалық ізденис» аудандық педагогикалық шеберлік конкурсында I-орын алғаны үшін көркем еңбек мұғалімі Байғабыл Тілеубек марапатталды.

18 сәуірде "Сабакта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту" мектепішілік семинарында жас маман Қайыржан Ұлжан Сағындыққызы 6 "Б" сынып оқушыларымен "Прямая пропорциональность и её график" тақырыбында математика пәнінен ашық сабак өткізді.


Мамыр айында Кеңгіру зияткерлік олимпиаданың математика бойынша 8 «А» сынып оқушысы Ажыхан Нұрайым қатысып, қатысқаны үшін сертификатпен марапатталды.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Сайлаухан Батыржанның жетекшілігімен Ахметжан Қанапияновты еске алуға арналған үстел тенис турнирінде 10 «Б» сынып оқушысы Герц Карл II орын алғаны үшін марапатталды.

4 тоқсанға арналған БЖБ, ТЖБ жоспар бойынша жүргізіліп, жылдық қорытындылар жасалды.

Жаратылыстану – математикалық бірлестік пәндері бойынша 2023-2024 жылдағы білім сапасының көрсеткіші:

2023-2024 оқу жылының мектепішілік бірлестіктер бойынша білім сапасы



Шешім:

1. 2024-2025 оқу жылына әдістемелік жұмыс жоспары құрылсын.
2. 2024-2025 оқу жылына тиянақты дайындалып, білім сапасы 2%-ға көтерілсін.
3. 2023-2024 оқу жылында жіберілген олқылықтармен жұмыс жасалсын.
4. Дарынды оқушылармен жұмыс жасау жүргізілсін және де оқушыларды кез келген іс-шараларға қатыстырылсын.
5. «Зерде» ғылыми зерттеу жұмысынан облысқа өткен оқушымен тиянақты дайындалсын.
6. Оқушылыр әр-түрлі олимпиадаларға қатыстырып, жүлделі орындар алуға дайындалу әр пән мұғалімдеріне жүктелсін.
7. Пән мұғалімдері мезгілінен қалмай біліктілік курсарына тартылсын.
8. Пән мұғалімдері мектепішілік, аудандық, облыстық деңгейлерді іс-тәжірибе алмасу сеймнарларына қатыстырылсын.

Әдістемелік бірлестік жетекшісі:

Дүйсенбаева Л.